Б. Нукеевага
тұлғас үшін

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

МАХАМБЕТ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ПРОКУРАТУРА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРОКУРАТУРА
МАХАМБЕТСКОГО РАЙОНА

060700, Атырау облысы,
Махамбет ауылы, Абай көшесі, №23А
тел.: 8(71236) 2 -11-80, 2 -11-78, факс: 8(71236) 2 -11-80
www.atr.prokuror.kz

060700, Атырауская область,
село Махамбет, улица Абая, №23А
тел.: 8(71236) 2 -11-80,2 -11-78, факс: 8(71236) 2 -11-80
www.atr.prokuror.kz

05.04.20222-0508-22-00146

Аудан әкімі
Р.Б. Жанқылышқа

ҰСЫНУ

заңдылықты бұзушылықты жою туралы

Аудан прокуратурасымен мемлекеттік мүліктердің сенімгерлікпен басқаруға берілу заңдылығына талдау жүргізіліп, төмендегі заң бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18 бабының 10 тармақшасында аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде аудандық коммуналдық мүліктің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз ететіндігі көзделген.

Аталған Заңның 75 бабына сай, аталған Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады деп бекітілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 21.07.2015 жылғы №555 бұйрығымен бектіліген «Қалалар мен ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру туралы» Қағиданың 3 тармақшасына сәйкес (бұдан әрі - Қағида), жалға алу (сенімгерлік басқару) объектісін беру туралы шешімі жалға берушімен (сенімгерлік басқару құрылтайшысымен) қабылданады. Жалға алу (сенімгерлік басқару) объектілері жалдауға (сенімгерлік басқаруға), мерзімі бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін, оларды пайдалану мерзіміне байланысты, кейінгі сатып алу құқығысыз беріледі.

Қағиданың 4 және 5 тармақшаларына сай, шартпен белгіленген мерзімі өткеннен кейін жалға алу (сенімгерлік басқару) шартының қолданылуы тоқтатылады.

Жалға алу (сенімгерлік басқару) объектілерін жалға алу (сенімгерлік басқару) **тендер** негізінде жүзеге асырылады делінген.

Алайда, Жалғансай ауылдық округі әкімінің аппаратының теңгеріміндегі «Су тазарту қондырғысы мен су құбыры желілері» теңгерім құны

Документ подготовил: Жумагалиев Думан Ибатоллаевич, 7123603@prokuror.kz
Документ подписал: Калиев Багитжан Жетписович, 05.04.2022 18:57:54
ИС «Қалаға алау» 20171213

690 408 281 теңгені құрайтын мүліктік кешендерін тендер өткізбестен, Жалғансай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық мүшелері жиынының хаттамасы негізінде заңда көзделмеген негізбен мүліктерді сенімгерлікпен басқару үшін берген.

Нәтижесінде, басқарушы 7 ай мерзімге жуық заңсыз мемлекеттік мүлікті пайдаланып келеді.

Атап айтқанда, ауылдық округінің әкімі Ғ.Мырзағали жеке кәсіпкер Меңдіғалиев Қуаныш Мырзағалиұлымен 13.09.2021 жылы жасақталған мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік №1 уақытша сенімгерлікпен басқару шартына қол қойып тапсырылған «Су тазарту қондырғысы мен су құбыры желілері» мүліктік кешендерін тапсыру-алу туралы 13.09.2021 жылғы актпен дәлелін тапты.

Осы тектес заң бұзушылықтар Ақтоғай («Ақтоғай су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырлары» мүліктік кешені, құны – 421 289 685 теңге, келісім-шарт 05.01.2022 жылғы), Сарайшық («Сарайшық су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырлары» мүліктік кешені, құны – 392 125 458 теңге, келісім-шарт 11.02.2022 жылғы), Бейбарыс («№1 су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырлары» мүліктік кешені, құны – 222 776 932 теңге, келісім-шарт 05.01.2022 жылғы, Аққайын аулының су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырларының құны – 106 880 000 теңге, келісім-шарт 06.01.2022 жылғы, Талдыкөл аулының су тазарту қондырғысы ауылішілік су құбырларының құны – 114 534 206 теңге, келісім-шарт 04.10.2021 жылғы), Есбол («Ортақшыл су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырлары» мүліктік кешені, құны- 341 741 523 теңге, келісім-шарт 19.02.2021 жылғы, Еңбекшіл аулының су тазарту қондырғысы ауылішілік су құбырларының құны – 155 991 000 теңге, келісім-шарт 19.02.2021 жылғы, Есбол аулының су тазарту қондырғысы ауылішілік су құбырларының құны – 419 123 592 теңге, келісім-шарт 24.12.2021 жылғы), Ақжайық («Ақжайық су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырлары» мүліктік кешені, құны – 337 552 797 теңге, келісім-шарт 01.02.2022 жылғы), Алға («№1 су тазарту қондырғысы және ауылішілік су құбырлары» мүліктік кешені, құны – 392 366 199 теңге, келісім-шарт 30.07.2020 жылғы) округтерінде орын алған.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның (әрі карай-Заң) 50-бабының талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетуі мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар болып танылады.

Осы Заңның 45-бабының 2-бөлігінде, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін осы Заңда көзделген тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Жоғарыдағылар негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын және Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 27-бабын басшылыққа алып,

ҰСЫНАМЫН:

1. Ұсынуды қарап, көрсетілген заң бұзушылықтарды жоюға және алдағы уақытта болдырмауға нақты шаралар алуды, соның ішінде аудан аумағында

орналасқан су тазарту қондырғылары мен ауылішілік су құбырларын мемлекетке қайтаруды.

2. Заң бұзушылыққа жол берген ауылдық округі әкімдіктерінің лауазым иелерінің тәртіптік жауапкершілігін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 50-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес шешуді.

3. Ұсынуды заңда белгіленген күнтізбелік отыз күн ішінде қарап, нәтижесімен қабылданған шаралар туралы аудан прокуратурасына хабарлауды.

Аудан прокуроры **Б. Қалиев**

06-09-15 Аппарат акима Сарайшыкского сельского округа Мактааральского района Туркестанской области

орынд.: Д.Жұмағалиев
тел.:2-14-60